

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 22)


№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік ақпараттық технологиялар саласындағы консультациялық қызметтер	Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік ақпараттық технологиялар бойынша консультациялық қызмет көрсететін әлеуетті қызметтер беруші (бұдан әрі – Қызметтер беруші) ақпараттық жүйелерді басқаруға рұқсаты болуы тиіс. Қызметтер беруші жаңа функциональдық мүмкіндіктерден тұратын жаңартулар, интерфейсті жаңарту тізбесін, қауіпсіздік және басқадай жетілдіру жүйесін ұсынуы қажет. Жүргізілген жаңартуларға сәйкес қызметкерлерді оқытуы қажет. Қызметтер беруші бағдарламалық өнімнің қателерімен байланысты мәселелерді шешу мүмкіндігіне ие болуы тиіс: пайдалану барысында туындайтын қателер. Денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін ақпараттық жүйелерде қателік туындауының себептері іздеу мен жоюда консультациялық көмек көрсету. Қызметтер беруші ақпараттық жүйемен жұмыс істеудің теориялық мәселелерін шешуде келесі мүмкіндікке ие болуы тиіс: құжаттамада сипаттама болмаған жағдайда өнім модулінің қызметін түсіндіру; денсаулық сақтаудың мемлекеттік ақпараттық жүйелерімен жұмыс істеу кезінде пайда болатын мәселелерді ҚР денсаулық сақтау саласында қолданылатын заңнамаларға сәйкес түсіндіру; өнімнің қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар мен сұраныстарды қабылдау, сондай-ақ әзірлеушілерге жолдау; Қызмет беруші ақпараттық қауіпсіздік саласында консультациялық қызметтер көрсетуі және ақпараттық жүйелерде қауіпсіз жұмысты ұйымдастыру мақсатында ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің функциональдық мүмкіндіктері мен кемшіліктеріне талдау жүргізуі тиіс. Талдамалық ақпаратты дайындау (стационарда емделгендерді түсіру, 2014-2024 жж. Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі) Талдамалық ақпаратты дайындау (2014-2024 жж. алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде алынған қызметтер бойынша түсіру)	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму
вице-ректоры



А. Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық қеңсе басшысы



А.Айымбетова



ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-пен көрсетілген (оның құрамына барлық төлемдер, салықтар мен баждар кіреді).

Төлем шарттары: Алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 50%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Қызмет көрсету мерзімі: 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.